

## 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың талдау есебі

### *Мектептің өзекті мәселесі:*

«Білім беру сапасын функционалды сауаттылықты дамытуды қамтамасыз ету факторы ретінде басқару»

### *Мақсаты:*

Педагогтің кәсіби тұлғалық құзыреттілігін анықтай отырып, мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асыру.

### *Жаңа оқу жылына қойылған міндеттер:*

1. Оқу үдерісінің барлық қатысушыларының заңды құқықтары мен қызығушылықтарын барынша толығымен жүзеге асыратын білім беру ортасын құру.
2. Әр мұғалімнің жұмысы туралы ақпараттық материалдар жинақтау.
3. Білім алушылардың функционалды сауаттылығының барлық түрлерін арттыруда барынша жоғары нәтиже беретін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша пәндерді оқытудың тиімді жолдарын анықтау және жинақтау.
4. Білім беру үдерісінде мектеп мұғалімдеін жұмылдыра отырып, бақылаудың жаңаша әдіс тәсілдерін енгізу.
5. Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау, мониторинг жүргізу.

### 2023 - 2024 оқу жылы бойынша оқушылар контингенті

Оқыту кезеңдері	2023-2024 оқу жылы		
	Саны		Класс-комплект саны
	оқушы	сынып	
Бастауыш мектеп	11	2,3,4	3/2
Негізгі мектеп	19	5,6,7,8,9	5/3
Мектеп бойынша барлығы	30	8	8/5

### 2023-2024 оқу жылы бойынша білім сапасы

Сатылар	2023– 2024 оқу жылы	
	Оқушы саны	%
1-4 сыныптар	11	30
5-9 сыныптар	19	53
Барлығы	32	83

2023-2024 оқу жылы бойынша 8 класс, 5 комплекті жинақталды, барлық оқушылар саны-30.

Оқушылар қозғалысы бойынша өзгеріс болған жоқ. Келген, кеткен оқушы да болған жоқ. Оқу жылы 30 оқушымен аяқталды. Жылдық оқу қорытындысы бойынша білім сапасы - 80%. 1-4 сынып аралығында 11 оқушы. Озат оқушы - 3, оқу екіпіндісі – 6. Оқу қанағаттанарлығы – 2. Бастауыш сыныптар бойынша білім сапасы - 30%. 5-9 сынып аралығында 19 оқушы. Озат оқушы – 2. Оқу екіпіндісі – 19, оқу қанағаттанарлығы – 4 оқушы. Орта буын сыныптары бойынша білім сапасы - 50%. Осы оқу жылында 14 мұғалім жұмыстанды. Келген жас маман болған жоқ. Жыл бойы 14 мұғалім қызмет етті. Жоғары білімді мұғалім – 13, арнаулы орта мұғалім – 1. Санаты бойынша Педагог - зерттеуші – 1, Педагог- сарапшы – 7. Педагог - модератор – 2. Санаты жоқ мұғалім – 4. Биылғы оқу жылы бойынша жас маман жоқ.

Оқу тәрбие барысында ата-аналармен жұмыстар жандандырылып, «Аруана» аналар мектебі, «Шапағат» әкелер мектебі жұмыс жасаған. Сонымен бірге оқушылар арасында «Қызғалдақ» қыздар клубы мен «Мұрагер» ұлдар клубы жұмыс жасады. «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісінің басшылығымен де іс шаралар жоспарлы түрде өтті. Барлық жасалған жұмыстар мектептің инстаграмм парақшасына жарияланып отырды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмыс жоспарына сәйкес түрлі тақырыптағы шаралар жүйелі түрде өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.

Қабілетті оқушылармен жұмыс жүргізу барысында мектепшілік, қалалық, облыстық және республикалық және қашықтықтан өткізілген олимпиада, конкурс, шараларға қатысты.

Темірбекұлы Темірлан 9 сынып оқушысы «Ақберен» байқауының аудандық кезеңі көркем сөз бағыты бойынша 3 орын иеленді. Яссауы байқауының адандық кезеңінен Мақтау қағазын иеленді. «Сахнадан сәлем – 3» байқауынан 3 орын иеленді

Бөтеген Олжас Ақберен аудандық байқауынан эссе жазу бағыты бойынша 2 орынмен марапатталды. «Абай әлемі» байқауы бойынша Мақтау қағазымен, «І. Жансүгіров оқуы Буктрейлер аудандық кезеңінен 1 орын, облыстық кезеңінен 1 орын, Республикалық кезеңінен 2 орын иеленді.

Сарсенбаев Ринат 5 – 6 сынып аралығындағы пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінен математика пәні бойынша 1 орын, облыстық кезеңінен сертификат алды.

Абан Құндыз 5 – 6 сынып аралығындағы пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінен жаратылыстану пәні бойынша 3 орын иеленді.

Сәндібек Еркеназ «Жаңа жылдық ойыншықтар» байқауының аудандық кезеңінен Алғыс хат иеленді. «Бала дарын» республикалық кезеңінен I дәрежелі диплом, «Бояулар құпиясы» байқауының аудандық кезеңінен Мадақтамамен марапатталды.

Жексенбай Аружан «Қыс ғажайыптары» байқауының республикалық кезеңінен 1 дәрежелі диплом.

Өтешбай Нұрзат «Қыс ғажайыптары» байқауының республикалық кезеңінен 1 дәрежелі диплом.

Амантаева Кәусар «Бояулар құпиясы» байқауының аудандық кезеңінен Мадақтамамен марапатталды.

Бөтеген Алтыншаш «Жаңа жылдық ойыншықтар» байқауының аудандық кезеңінен Алғыс хат иеленді. «Алтын қазына» Ақтөбе-дарын байқауынан сертификат алды.

Наурызбай Айару «Жаңа жылдық ойыншықтар» байқауының аудандық кезеңінен Алғыс хат иеленді.

Өтешбай Айман «Жаңа жылдық ойыншықтар» байқауының аудандық кезеңінен Алғыс хат иеленді.

Тәңірберген Айкөркем «Алтын қазына» Ақтөбе-дарын байқауынан сертификат алды.

2023-2024 оқу жылы бойынша апталықтар мен іс – шаралар жоспарлы түрде өткізілді. «Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғық, көз жетпейтін мұнарасы тым биік» тақырыбында қараша айында жаратылыстану ғылымының пәндері арасында апталық өтті. Апталық барысында ашық сабақтар, түрлі тақырыптағы іс – шаралар жоспарлы түрде өтті.

«Талаптың мініп тұлпарын, білімге ұмтыл ұрпағым» атты қоғамдық гуманитарлық пәндер арасында апталық. ақпан айында өтті. Наурыз айында «Мерекеңмен анашым» атты мерекелік кеш өтті.

«Наурыз - думан» атты кең көлемде он күндік тақырыптық іс - шаралар өз деңгейінде өтті. Барлық өткізілген іс – шаралар уақытында мектептің әлеуметтік желісіне жарияланды.

Жыл бойы мектепшілік тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының жоспары жасалды. Жоспарға сәйкес ТЖБ бақылау жұмыстары алынып, әр пән мұғалімі талдауын және модерация хаттамаларын жазылып отырды. Жоспарланған күндерге 3 пәннен артық қойылмай тоқсандық жиынтық бағалаулар уақытылы өтілді. Тоқсандық жиынтық бағалау жұмысының қорытындысы бойынша талдау наықтамасы мен модерация хаттамалары алынып, хатталды.

Оқу жоспары бойынша берілген таңдау сабақтары белсенді қозғалмалы сипаттағы сабақтар 1- 4 сынып аралығында және жаһандық құзыреттілік бағытында 5-9 сыныптар аралығында жыл бойы

сабақ кестесіне сәйкес өтті. Электронды жураналдық қосымша білім беру бөліміне толтырылып, «сыналды» қойылды. Талдама анықтамалары жазылды.

Пән мұғалімдерінің күнтізбелік – тақырыптық жоспарларына сәйкес өткізілген, мереке күніне сәйкес біріктірілген сабақтары бойынша стандарт сағаттарының орындалуы туралы анықтамалары мен кестелері жазылып, хатталды.

2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты 2-8 сынып оқушыларының аралығында 2 пәннен: бастауыш сынып оқушыларынан қазақ тілі мен математикадан аралық бақылау алды, қазақ тілі мен әдебиеті және математика 5 – сынып, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті 6 – сынып, қазақ тілі мен әдебиеті, қазақстан тарихы 7 – сынып, қазақ тілі мен әдебиеті, география 8 – сынып оқушыларынан аралық бақылау жұмыстары алынды, қорытынды бағасының нәтижесіне қарай сыныптан сыныпқа көшірілді. Аралық бақылау жұмыстары тексеріліп, хаттамалар толтырылып, папка жасақталды.


9 сыныпты 4 оқушы аяқтады. Қорытынды аттестаттау бойынша 4 пәннен мемлекеттік емтихан тапсырды. Қазақ тілі, математика, орыс тілі және қазақстан тарихы пәндерінен емтихан тапсырып «үздік», «жақсы» деген бағалар алып келесі сыныпқа көшірілді. Негізгі білімді толық аяқтауына байланысты салтанатты түрде аттестаттары беріліп, мектептің есебінен және оқушылар құрамынан № 6 педагогикалық кеңестің шешімімен, бұйрық негізінде шығарылды.

Жоспарланған іс – шаралардың ішінде бастауыш сыныптар арасында ұйымдасқан апталық өтілмеді. Сонымен бірге «Өзін – өзі басқару ұйымының жоспарланған «Қариялар сарқылмас қазыналар, «Қожа Ахмет Яссауи – ақын аса ойшыл, Кемеңгер абыз – Бұқар жырау» белгілі бір себептермен өткізілмеді. Алдағы оқу жылы жоспарына енгізіп, өткізу ескеріледі.

## Сыныптың жинақталуы туралы анықтама

2023-2024 оқу жылының басталуына орай елді мекен бойынша оқушылар есепке алынып, тізім жасақталды. Тізімге елді мекен бойынша барлығы - 47 оқушы тіркелді. Оның ішінде қыз бала саны – 22. Бала санының болмауына байланысты 1-сынып ашылмады. 2 – сыныпқа 2 оқушы, 3 – сыныпқа 4 оқушы, 4 – сыныпқа 5 оқушы, 5 – сыныпқа 5 оқушы, 6 – сыныпқа 7 оқушы, 7 – сыныпқа 1 оқушы, 8 сыныпқа 2 оқушы, 9 – сыныпқа 3 оқушы тіркелді.

2023 – 2024 оқу жылы бойынша 8 класс, 5 комплекті жасақталды. Барлық оқушы саны – 30. Жаз бойы, жыл бойы келген, кеткен оқушы болған жоқ. Оқушылардың жеке іс қағаздары қаралып, жаңа оқу жылына жасақталды.

Оқу ісінің орынбасары:  Шаймолдина Г.А.

## Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы кітапхана жұмысының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылының басында 2-9 сынып оқушылары мектеп қорындағы, Әйтеке би білім бөлімінен келген оқулықтармен толық қамтамасыз етілді. Оқу жылына арналған кітапханашының жылдық жоспары, Әйтеке би білім бөлімінің жоспары негізінде «Оқуға құштар мектеп» жоспары бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша жоспарған сай 22-қыркүйек тілдер күніне арналған «Тілді сүйо-тал бесіктен» мерекелік шарасы жоғары деңгейде өткізілді.

Қазан айы бойынша ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Ш.Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай «Шәкәрім жүрген ізбенен» виртуалды кітап көрмесі көпшілік қауымға таратылды. Аудандық жоспарға сәйкес Әбілқайыр ханды ұлықтау мақсатында тарих пәнінің мұғалімі Муса Әлібек танымдық сабақ өткізді. «Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы» атты кітап көрмесі 25 қазан Республика күніне байланысты жүзеге асты.

Қараша айы бойынша «Туралықты тұғыр еткен Төле би» тақырыбында көріністер сомдалып, шығармалары талданды.

Желтоқсан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқуға кеңес береміз!» виртуалды кітап көрмесі 5-6 сынып оқушыларының ат салысуымен өтті. Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай «Жүрегі таза, ойы азат-Мағжан Жұмабаев» атты мерекелік шара бастауыш сынып мұғалімі Тортаева Салтанаттың ұйымдастыруымен жүзеге асты. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-тәңір берген тәтті сый» тақырыбында мерекелік кеш өтті.

Қаңтар айында « Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті ертегі кітабым» тақырыбында сурет салу, шығармашылық жұмыстарға белсенді оқушылар араласты.

Ақпан айында жоспарға сай «Еліміздің Мемлекеттік рәміздерінің тарихы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел пікірталас бағыты бойынша өткізілді. Ақиық ақын, қазақтың лирик ақыры Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай аудандық челленджге өз үлестерін бастауыш сынып оқушылары қосса, әдеби кешті ұйымдастыру 5-9 сынып оқушыларының арқасында жоғары дәрежеде өтті.

Наурыз айында 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай аудандық тапсырмаға сәйкес мерекелік челленджге, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік кеште ақын, жазушыларымыздың қанатты сөздері айтылса, 22 наурыз –Ұлыстың Ұлы күніне байланысты өткізілген 10 күндікте шежірелі көріністерге жалпы мектеп ұжымы ат салысты.

Сәуір айы бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған «Менің сүйікті кітабым» челленджіне 8-9 сынып оқушылары қатысып, өздері оқыған шығармалармен бөлісті.


Мектепішілік «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқу құзыреттілігін арттыруға бағыттылған іс шаралар; тыныш оқу, мағыналық оқу сағаттарын өткізу және мәтінмен жұмыс жасауды «Барлық пәндер арқылы оқу» сабақ жүйесі, жаңа түсірілімдерді көруді ұйымдастыру мақсатында мектептің әлеуметтік парақшасына жариялау

жұмыстары жүргізілді. Білім беру ұйымының мәдени мекемелермен әлеуметтік серіктестігі негізінде «Бір-бірімізге оқимыз» тақырыбында кіші жастағы оқушылармен ересек оқушылардың кездесіп, кітап оқу жүйесі жүргізілді. Бірінғай оқырман қауымдастығын қалыптастыру бойынша ата-аналармен жұмыс мектеп құрылған «Ата-аналарды қолдау» орталығымен бірлесу барысында жүргізілді.

Аудандық ұйымдастырылған «Кітапсүйер оқырман», «Ел жадындағы естеліктер», «Үздік оқырман 2024» байқауларына мектеп оқушылары мен кітапханашы қатысты.

Жыл бойы кітапты дұрыс ұстауға байланысты рейд жұмыстары жүргізіліп, қадағаланды. Мамыр айында кітап қорын түгендеу жұмысы жүргізілді.

Мектеп кітапханашысы:



Қ.Ә.Сламова

## Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына талдау.

Мектептегі психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, ағартушылық-профилактикалық және түзету-дамытушылық бағытта жүзеге асырылады. Мектеп психологының осы бағытта жылдық жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілуде.

**Психологиялық қызметтің мақсаты** білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқу процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету болып табылады.

### Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) ата-аналарының қалауымен және рұқсатымен ғана білім алушыларды психологиялық бақылауды және сүйемелдеуді жүзеге асыру;
- 2) білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың дамуының әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізу;
- 3) негізгі проблемаларды талдау және олардың туындау себептерін, оларды шешу жолдары мен құралдарын анықтау;
- 4) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына, табысты әлеуметтенуіне, өзін-өзі дамыту және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетін қалыптастыруға жәрдемдесу;
- 5) білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік қиындықтары мен проблемаларының алдын алу;
- 6) әлеуметтік-психологиялық климатты үйлестіру, қауіпсіз білім беру ортасын құру бойынша педагогикалық ұжымның қызметіне жәрдемдесу, білім алушылардың психологиялық мәселелерін шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес беру;
- 7) білім берудегі ұйымдар басқарма органдары немесе жекелеген білім беру ұйымдарының бастамасы бойынша жүзеге асырылатын білім беру ұйымдары мамандарының кәсіптік қызметіне, білім беру бағдарламалары мен жобаларына, оқу-әдістемелік кешендерге кешенді психологиялық педагогикалық сараптамаға қатысу;
- 8) білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру, білім беру ұйымдарының тәжірибесіне отандық және шетелдік психология саласындағы жетістіктерді таратуға және енгізуге ықпал ету.

Н.Г. Лусқанованың «Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнасы» 5 сыныпқа жүргізілді.



**Жоғары деңгей-2** оқушы- 40 % мектепке қатынасы оң, берілген тапсырманы адекватты қабылдайды, оқу материалдарын оңай меңгереді, мәліметтерді толық игерген, мұғалімнің айтқандарын мұқият тыңдайды, тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз-ақ орындайды, өзіндік жұмысқа барлық пәндерге қызығушылықпен қарайды, тапсырмаларды мұқият орындайды, сыныпта жоғары мәртебеге ие.

**Ортаңғы деңгей-3** оқушы 60 % мектепке қатынасы оң, оқу материалдарын түсінеді, бағдарламаның негізгілерін меңгереді, тапсырмаларды өз бетінше орындайды, тапсырмаларды орындауда қадағалауды қажет етеді, коррекциялық сабаққа қызығушылықпен қатысады, сыныптағы оқушылармен достық қарым-қатынаста.

Бұл тест бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесі оқушылардың оқу мотивациясы үш деңгейде қарастырылғанымен екі деңгейі көрініс тапқанын көрсетті. Жалпы қорытынды жоғарғы деңгейде -2 оқушы, ортаңғы деңгейде 3 оқушы екені анықталды. Төмен деңгейдегі оқушы жоқ. Бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау мақсатында «Басса-Дарки» сауалнамасы 7-9 сынып оқушыларына жүргізілді. Қорытындысында агрессиядағы оқушы анықталмады. Депрессиялық, мазасыздық, күйзеліс жағдайларды анықтау үшін «Дасс сауалнамасы» 7-9 сыныпқа жүргізіліп, нәтижесінде депрессиядағы, мазасыз деңгейдегі оқушы анықталмады.

«5 сыныпқа қуанышпен!» психологиялық жаттығуы 5 сынып оқушыларына ұйымдастырылды. Мақсаты балаларды ұжыммен қарым-қатынас жасауға үйрете отырып, эмоциялық көңіл-күйін көтеру, ұжым ішіндегі ұйымшылдықты қалыптастыру болды. Балалар тренингке белсене қатысты. Ата-аналарға, пән мұғалімдеріне орта буынға бейімделуде оқушылардың бойында болатын ерекшеліктер туралы кеңестер берілді.

«Өзара қарым-қатынас дағдыларын дамыту жаттығулары» психологиялық ойыны 5-9 сынып оқушыларына жүргізілді. Мұнда әр сынып оқушылары бірігіп тимбилдинг жаттығуларын орындай білді, ұйымшылдықпен, жауапкершілікпен орындап шықты.



Қараша айында диагностика бағытында Социометрия (Дж.Морено) әдістемесі 5-6,7-8 сынып оқушыларына жүргізілді. Диагностика мақсаты: сынып оқушыларының бір бөлігінің беделді, белгілі болатынын, ал кейбіреулерінің оқшау жүру себептерін анықтау. Сараптама нәтижесі бойынша оқшауланбаған, яғни елеусіз немесе шеттеп қалмағандығы анықталды. «Күпия дос» психологиялық акциясы жүргізілді.

«Сенімділік-күш береді» психологиялық тренингі 7-9 сынып оқушыларына жүргізілді. Тренинг барысында тимбилдинг жаттығуларын көңілді орындап, белсене қатысты. Жеке өмірге қадам басқан оқушы үшін мамандық таңдау мәселесі - ең маңызды кезең болып табылады. Оқушылардың өз бейімділіктері, қабілеттері мен мүмкіндіктері анықтап, болашақтағы білім алу бейімі мен мамандығын таңдау барысында дер кезінде психологиялық көмек көрсетіліп, кеңестер берілді.

9 сынып оқушыларымен «Болашақ мамандық туралы қиялдайық» тренингі, «Менің таңдауым» сауалнамасы бойынша оқушылардың бағыт-бағдары анықталды: «Мен таңдаған жол» атты тренинг-сабақ өтіліп, оқушылар мамандық таңдаудағы өз ойларын ортаға салды.




Кәсіби бағыт-бағдар беру жұмысы бойынша 9 сынып оқушыларына Голланд әдістемесі жүргізілді. Зерттеліну мақсаты мамандыққа бағытталған бейімділіктерін диагностикалау арқылы анықтау, бағыт беру болды. Нәтижесінде сыныптағы 4 оқушының бағыты әр түрлі болды.

№	Оқушы саны	Реалистік тип. «Ер адам» типі.	Интеллектуалдық тип.	Әлеуметтік тип.	Конвенциялық тип.	Тапқыр тип	Әртістік тип
1	4		2		1	1	

«Мандала» психологиялық тренингі 5-6 сынып оқушыларына жүргізілді. Мақсаты: білім алушылардың психо-эмоционалды сауаттылығын жақсартуға және тұлғалық дамуына мүмкіндік беретін өмірлік құндылықтарды бағалауға үйрету.



Бастауыш сынып оқушыларына қарым-қатынастарын арттыру үшін, қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулары жүргізілді.



Бастауыш сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу, зияткерлік даму деңгейін анықтау үшін «Э. Ф. Замбацявичене» әдістемесі алынды.



«Э. Ф. Замбацявичене» тесті баланың зияткерлік даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Оқушылар берілген нұсқау бойынша тапсырманы орындады. Нәтижесінде жоғары деңгейде-60%, орта-40% көрсеткіш көрсетті.

Мектептегі жас мамандарға көмек көрсетіліп, ұжымда психологиялық ахуалды қалыптастыруға тренингтер жүргізілді. 5-9 сынып қыз балаларына «Ерте жастағы жүктілік-болашаққа балта шабу» тақырыбында психологиялық физиологиялық ақпараттандыру жұмысы жүргізілді.

**Жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық бойынша** 5-9 сыныптар арасындағы оқушылармен өтілді. Жыныстық тиіспеушілікке қатысты кездесуді психолог, сынып жетекшілер жүргізді. Кездесуде мектеп 5-6 сынып қыздарына жүктілікке жол бермеу, жеке бас тазалығының ережелері, шаш, тырнақ, күтімі жайында ақпарат беріп, ұсыныстар айтып өтті. Ерте жыныстық қатынасқа түспеу, жүктілікке жол бермеу туралы қыздарға, ұлдарға кеңестер берілді. Қыздар мен ұлдардың жеке бас тазалығының ережелерімен, шаш күтімі, тырнақ күтімі жайында түсіндірме жұмыстары туралы баяндама оқылды. Ақпараттандыру қорытындысы бойынша қыз балалар арасындағы жыныстық тиіспеушілікке қатысты орындалған жағдайлар анықталған жоқ.

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша жүргізілген жұмыстар.**

**Мақсаты:** балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту.


Қыркүйек айының басында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары бекітіліп, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» кабинетінің салтанатты ашылуы өткізіліп, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Әрбір бала-жарық жұлдыз» тақырыбында сабақ ұйымдастырылып, ата-аналар қонаққа шақырылды.

Жоспарға сәйкес ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында «Баланы жастан» тақырыбында жиналыс өткізілді, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарды қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Ақыл айтпа, жол көрсет», тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Өткізген: Оразбаева С. Тортаева С.О

Психологиялық бағыттар бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілді.

Педагог-психолог:



Оразбаева С.О

**«Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі» КММ  
тәрбие жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылының есебі**

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.  
Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.


**Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «карашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.
6. **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып, бекітілді. Ұлттық құндылықтар бойынша ұйымдастырылған жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар өз уақытында өткізіліп отырды.


2023-2024 оқу жылы тамыз айында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Оқу жылына байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілер жиналысы ұйымдастырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарланды.

1 қыркүйек күні ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың “Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам” атты жолдауы тыңдалды.




1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»  
«Сәлем, жаңа оқу жылы» Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу. Білім күнін осы тақырыпта сынып сағаттар мен салтанатты жиын өтті.



“Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық” тақырыбында 5-9 сыныптарда сынып сағаты өткізілді.  
Сынып жетекшілері: Тортаева А.М .Муса А.Ж. Оразбаева С.О



“ 9 айға 9 іс-шара ” жобасы аясында 4-9 сынып оқушылары арасында челлендж өтті

«Дене сергіту» челленджі **Талап:** физикалық белсенді болу.

**Талап:** салауатты өмір салтын ұстану. **Ар-ұят:** әдеп нормаларын ұстану. Мектеп алаңында денсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау және бастауыш сыныптарда отбасымен үйде дене шынықтырумен айналысу челленджі өтті. Барлық бейне роликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. «Денсаулық және дұрыс тамақтану»



22 -қыркүйек күні тілдер күніне орай “Тілді сүю-ал бесіктен” мерекелік шарасы өтті. Мектеп директоы Л.Б. Балмаканова алғашқы құттықтау сөз сөйледі. Шара барысында 5-6 сынып көркем сөз шеберлері өлең жолдарын оқып, әсем әндер шырқалды. 9-сынып білім алушылары “ Үш би”, “Асыл мұра” көріністерін қойып көрермендер көзайымына айналды.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде “Мектеп парламентінің президенті” сайлауы өтті. Сайлауға барлық мектеп ұжымы мен білім алушылары толық қатысты. Сайлау нәтижесінде 48- пайызды Токмырза Тілеген 52-пайызды Тәңірберген Шерхан көрсетіп мектеп парламентінің Президенті болды.



8-1 сынып оқушылары арасында өткен аудандық “Ақберен” байқауына 9 сынып оқушылары Темірбекұлы Темірлан ,Бөтеген Олжас қатысып екеуіде үшінші орынға ие болды. Жетекшісі: ламова Қаракөзайым қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Ұстаздар мерекесіне орай Мамыт НОББ мектебінің ұлағатты ұстаздарына жылы лебіздерін білдіріп, “Білім тәжін” кигізу арқылы мұғалімдерге жақсы көңіл-күй сыйлады. “ Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері толық белсене қатысып, өз игіліктерін білдірді.



5 қазан күні Ұстаздар мерекесіне байланысты мектебіміздің “Өзін-өзі басқару” ұйымы арнайы Дублер күнін ұйымдастырды. Уақытты басқару және өзін – өзі ұйымдастыру. **Ар-ұят:** адал еңбекті құрметтеу **Ұлттық мүдде:** қоғам игілігі үшін қызмет ету **Талап:** дұрыс қарым-қатынас орната білу.




“Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелерінің белсене араласуы арқылы мектеп ұстаздарын ерекше құттықтап тілектерін айтты.

6-қазан күні "Үстаз- мектептің жүрегі" тақырыбында мерекелік шара өтті. Үжымның ұлағатты ұстаздарына алғашқы құттықтау сөзін мектеп директоры Л.Б. Балмақанова білдірді. Білім алушылар өлең жолдары мен әсем әуендерін шырқады.




«Қарттырым-асыл қазынам» қарттар күніне байланысты әр сыныпта тәрбие сағаттары өткізілді.

Әйтеке би ауданы бойынша Әбілқайыр хан есімдерін ұлықтауға арналған жоспардың негізінде тарих пәнінің мұғалімі Муса Әлібектің ұйымдастыруымен түсіндірме шарасын 5-6 сынып оқушыларына жүргізді. "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ", "Буллинг және оған қарсы тұру" тақырыптарында сынып сағаты, психологиялық тренинг өтті. Зорлық -зомбылық түрлері түсіндіріліп, зорлыққа душар болған адамның мінез-құлқына сипаттама беріліп, өзіңді қорғауға өзгеге көмек беруге сенім телефонының маңызы түсіндірілді.




Әйтеке би ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес құрылған мектепшілік жоспар негізінде 25-қазан Республика күніне арналған іс-шаралар жоспарының негізінде "Қазақстан дауысы" мемлекеттік гимнді жаппай орындау акциясы, "Қазақстан -кең байтақ жерім" тақырыбында жас суретшілер көрмесі,

"Мен өз елімнің азаматымын!" тақырыбында пікір сайыс өтті.




Аудандық жоспарға сәйкес 9-сынып білім алушылары арасында мектепшілік пәндік олимпиада өткізілді. Үздік деп танылған оқушылар аудандық кезеңге жолдама алды.




"Оқуға құштар мектеп" жобасының жоспарына сәйкес мектебімізде күзгі демалысының тиімді пайдалану мақсатында оқып жүрген көркем әдебиеттерін өз колдарымен сәндеу үшін 6-сынып оқушылары бетбелгі жасады.

Мақсаты: Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру. Оқушыларды кітап оқуға баулу, оқыған кітаптары туралы ой бөлісу. Оқушыларға кітаптың қаншалықты құнды, бағалы дүние екендігін түсіндіру. Көркем сөйлеуге, ұқыптылыққа, мәдениетті болуға тәрбиелеу.

Бастауыш сынып оқушылары арасында “Берекелі, мерекелі -Алтын күз!” тақырыбында мерекелік кеш өтті. Оқушылар күз мерекесіне байланысты сұрақтарға жауап беріп, әсем әуендер шырқап, мың бұралған бишілер өнерлерін паш өтті. Кеш барысында оқушылар өздерінің актерлық қабілеттерін көрсетіп шыңдай білді. Мерекелік кеш жоғары дәрежеде өтіп, көрермендер көзаймына айналды.




“Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғық, көз жетпейтін мұнарасы тым биік” атты жаратылыстану пәндер бірлестігі онкүндігінің ашылуы өтті. Ашылу барысында өтетін шаралар жоспарымен таныстырылды. Апталық аясында “ Әр бала болашақ данышпан” тақырыбында 6-сынып оқушылары арасында информатика пәнінен сайыс өтті.



Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізінде “Ата -аналарды қолдау орталығы” атты бұрышы ашылды. “Ата -аналарды қолдау” бұрышының негізінде “Ақыл айтпа, жол көрсет!” тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Барлық ата-аналар белсене араласып, қызықты тренинг пен тапсырмаларды тиянақты орындады.



Мектепшілік жоспарға сәйкес 28-желтоқсан күні 1-аусымда бастауыш сынып оқушыларына арналған мерекелік шара өтті. Шараның басында мектеп басшысы жылы лебізін білдірді. Барлық оқушылар әсем ән мен қызықты ойындар ойындар ойналды. 5-9 сынып оқушылары арасында да жана жылдық мерекелік кеш ұйымдастырылды.




Жаңа жыл  
2024

2023-2024 оқу жылында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Е.Бахитов балалар қауіпсіздігін басшылыққа ала отырып 5-9 сынып оқушылар арасында шайбалы хоккей турнирін өткізді



“Сыбайлас жемкорлыкка жол жок”, Ғаламтордагы алаяктык такырыптарында 5-9 сынып окушылары арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді



Алғыс айту күніне орай “Алтын жүрек” алғыс айту челленджі өтті. Мамыт НОББ мектебінде 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана-біздің күніміз, біз Анамын гүліміз» атты іс-шара өткізілді. Мақсаты: балалардың аналар мерекесіне деген құштарлығын оята отырып, анаға деген мейірімділігін, анаға деген махаббатын көрсету. Көңіл күйлерін көтеріп өнерге деген құлшынысын ашу. 7-наурыз халықаралық аналар, арулар күніне орай бастауыш сынып окушылары өз өнерлерін паш етті. Көңілді биді нақышына келтіре билеп, оқушылар әндер жинағынан поппури атты. Бұл іс-шараға барлық ата-аналар қатысты, барлық балаларда қуана қатысты. Әр бала өз өнерлерімен аналарына қуаныш сыйлады. Бірі ән салса екіншісі би билеп тамсандырды.



Мамыт НОББ мектебінде 20 наурыз күні 1-9 сынып аралығында «Наурыз көктем» атты мерекелік іс-шара өтілді. Наурыз мерекесіне мектеп директоры Л.Б.Бақытжанқызы құттықтау сөз сөйлеп, барша ата-аналарды, оқушыларды, мұғалімдерді мерекелерімен құттықтады. Шара барысында Жер ана жеті шырақ жағып, жамандықтардан сақтау үшін аластау рәсімін орындады және ұлттық салт-дәстүрден («Бесікке салу», «Тұсау кесу», «Сүйінші») көрініс көрсетіліп, ұстаздар «Наурызға шашу» әнін тарту етті. Мерекелік шарадан соң әр класс наурыз көжелерін ішіп, ұлттық ойындар ұйымдастырылды.




4-сынып оқушыларының соңғы қонырау мерекелік кеші өтті. Әсем әуен, жүрек жарды өлең жолдарымен 4-сынып бітірушілері ыстық ықыластарын білдірді. Мектеп директоры Л.Б.Балмақановаға бастауыш сынып бітіріп жатырған жас өрендерге ақ тілегін білдірді. Ата-аналар қауымына мектеп әкімшілігінен алғыс хат табысталды. Оқу жылы бойынша үздік оқыған Сактапберген Бейбарыс мақтау қағазымен марапатталды.



24-мамыр күні барлық сыныптада “Білімім-Отаным!” атты бірінғай тәрбие сағаттары өтті.



Жас жүректің өмірлік құстары гүл, Бағбан ұстаз баулыған құстары бұл. Қоштасып бүгінгі күн ұясынан, Сол құстардың бір тобы ұшқалы тұр,-деп алтын ұя мектебінің табалдырыған үлкен өмірге ұшқалы отырған мектеп бітіруші түлектерге 2024 жылдың 24 мамыр күні ““Сыңғыла соңғы қонырау” атты 9 сынып бітіруші түлкеріне арналған салтанатты кеш өткізілді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны арқылы салтанатты жиын ашылды. Алғашқы құттықтау сөз мектеп басшысының жылы лебізімен басталды. Мектеп түлектері әсем ән әдеби монтаж ұсынды.



“ Бакытты балалық шақ” тақырыбындағы 1-маусым халықаралық балаларды қорғау күніне арналған іс-шараны мектеп басшысы Л.Балмақанова жиналған барша бүлдіршіндерді құттықтап, өз лебізін білдірумен ашты. Жеткіншектердің жайдары көңіл-күйлері мен әдемі қойылымдары мерекенің ажарын кіргізіп, көрермендер мен бүлдіршіндерге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Шара соңынан 1980 жылғы түлектер өз демеушіліктерімен бүлдіршіндерге тәттілер таратып, Ұтыс ойынын ұйымдастырды.



3-маусым күні 2-8 сынып оқушылары үшін мектеп жанынан құрылған жазғы алаңның ашылу салтанаты өтті. Жоспарға сай түрлі ойындар ұйымдастырылды.



Жалпы мектептегі тәрбие жұмысының орындалуы «жақсы» деңгейде.

## Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына есебі.

### I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу.

Ұйымдастырушылық іс-шаралар.

- Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылып
- Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақталды.

Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты Тамыз айының басында мектептің әлеуметтік төлқұжатымен бірге дайындалып кесте бойынша есеп толтырылды және де тамыз-қыркүйек айларында білім алушының әлеуметтік картасына қайта қарау, толқтырулар жүргізу үшін сынып жетекшілермен бірлесе жұмыс жасалды.

### II. Бала құқығын қорғау жұмысы

Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 2023-2024 оқу жылының басында Ата – аналармен кездесу, кеңес беру барысында Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері айтылса, Ата-аналарға арналған этикалық кодексі жөнінде және Психологиялық – педагогикалық тұрғыдан кеңес берілді. Ата-аналар балаларының оқу жылына дайындығы, мектеп формасы, спорттық киімдері, оқу-құралдарын толығымен қамтамасыз етілгені туралы, кітаптары түгел екенін айтты. Балаларының сабағын үйден ата-ана болып қадағалау, тәртібін басты назарда ұстау, баланың білімге ынтасын оятуға жағдай жасау, бала мен сөйлесе, түсінісе біліу, тыңдау арқылы ойын ұғуға тырысу жөнінде кеңестер беріліп, кеңінен әңгімелесіп ой-пікірлері тыңдалды.



### «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбындағы тәрбие сағаты

Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы түсінік беріп, полиция қызметкерлері арқылы құқықтық білімін нығайту. Адамгершілік, ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру. Зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең бағаты құндылығы оның бостандығы, олай болса педагог-психологтарға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғау туралы түсіндіру. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Оқушыларымызды жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

<https://www.instagram.com/p/CygdLkjoYIA/?igsh=dDR3bjZhcmtlMXY4>



«Буллинг және оған қарсы тұру» тақырыбында 6-9 кл оқушыларына психологиялық тренинг жүргізілді. Білім алушыларға зорлық-зомбылық туралы қысқаша ақпарат беріліп, жаман әдеттерден бойлары аулақ ұстауға, ауызбіршілікте, татулықта болуға бағытталған ойындар жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/CyjFMwqIZTa/?igsh=MWhpbmgdyWM5cTBiMw==>




### III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс

«Бала және оның құқығы» 5-7 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмысы. Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру. Оқушыларға адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету. Оқушыларға өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу. Ата Заң- қорғанымыз. «Азамат жолы-ар жолы» демекші, ешкімнің ала жібін аттамай, өз құқымызды да, өзгенің құқығың да бұзбай тәуелсіз елдің арқа сүйер айбынды ақылды ұл-қызы болып өсіңдер.

Жас жеткіншек! Сен өзінді құрметтеуге тиіссің. Бойындағы бар қабілетінді тек жақсылыққа бағыттай біл. Зиянды әдеттерден, ішімдіктен, шылымнан, есірткіден аулақ бол. Ар-намысыңды биік ұста. Өз тағдырың-өз қолыңда. Өзіне сен. Өзіне сенімді адам ғана өзгелердің теріс әсеріне бағынбай өзін сақтай алады.

Тәртіпті бол, өз құқығыңды дұрыс пайдалан. Сен ел үшін керексің, өйткені сен- тәуелсіз еліміздің болашағысың.



**Баланың қандай құқықтары бар?** білім және ғылым саласындағы жаңалықтар. Мектеп бітіруші сыныпқа түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Мінекей, балалар, біздің барлығымызға ортақ қаншама нәрсе бар! Сондай-ақ біздің бәрімізге ортақ ережелер мен тәртіп бар. Ол ережелер мен тәртіптер жиынтығы Заң деп аталады. Яғни біз барлығымыз бір заңға бағынамыз. Ол Конституция деп аталады. Бұл заңда біздің құқықтарымыз және міндеттеріміз көрсетілген. Құқық – бізге рұқсат етілген, істеуге болатын нәрселер, ал міндет – біз істеуге, орындауға тиіс нәрселер. Мысалы сендер қазір мектепте білім алып жүрсіңдер, бұл – сендердің құқықтарың, оған ешкім шектеу қоя алмайды. Сонымен қатар сендер орта білім алуға

міндеттісіңдер. Міне осындай біздің көптеген құқықтарымыз бен міндеттеріміз жинақталған заң - Конституция болып табылады. ҚР Конституциясы - заңдардың қағидаларын тұжырымдап, бір арнаға келтірген Ата Заң, яғни мемлекетіміздің Негізгі Заңы болып табылады. Ол 1995ж. 30 тамызда қабылданды. Заң – жалпы тәртіптік шара. Құқық – мемлекет шығарған немесе бекіткен тәртіп ережелерінің жиынтығы. Конвенция – балалар құқығы туралы шарт. 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ «Бала құқығы туралы» Конвенция қабылдады. Бұл құжат бала-ның жан-жақты өсіп жетілуіне, болашағына жол ашатын бірден-бір құжат. Осы ұйымға мүше болған Қазақ елі де осы құжатқа қол қойды. Конвенцияға қол қойғаннан кейін, балалар туралы түрлі мәселелерді шешу мақсатында 2002 жылы 8 тамызда «Бала құқығы туралы» Заң қабылданды.



**Өмір құндылығы: «Толық адам тұжырымдамасы»** 5-9 сыныптар тренинг. Тренинг мақсаты «Өмір» ұғымына терең үнілуге ықпал жасау. Болашағына жағымды көңіл-күйді тудыру. Өзінде бар құндылықты бағалай білуге баулу. Адам – ұжымдық жан. Ол өзі және қоғам үшін өмір сүреді. Бұл өмір сәтті болу үшін адам қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай білуі, басқалармен өзара әрекет жасауды және татулық пен үйлесімділік жағдайда өмір сүре білуі керек. Өз өмірін-өз қолыңда. Ішкі жан дүниенің тазалығын сақтап, тек жақсы істерге қадам басып, осы беттеріңізден таймаңыздар дегім келеді.


- *«Толық адам» деген сөз ағылшын тіліндегі «A man of integrity» түсінігіне сай келеді. Бұл – тек өте ілкімді, өзіне сенімді, ізгілік пен жақсылыққа ұмтылатын адамдарға ғана тән сипаттама. Қазір тарап жатқан осы ұғымды Абай сонау он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ түсіндіріп айтты.*
- *Толық адам» – дегеніміз Абайдың танытуында, әрбір адам ақылымен, білімімен, мал-дәулетімен біреулерге әділет, шафағатымен жақсылық жасау немесе ақыл, қайратты жүректің қалауымен жүргізіп, оларды тек ізгілік істерге қызмет еттіру жолы болып шығады. Кімде-кім осы «...жолға жүруді шарт қылып, кім қадам басты ол толық адам делінеді».*



қаражат  
қызы

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы


«Сыбайластыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты 5-9 сынып оқушылары арасында Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.  
<https://www.instagram.com/p/C2MSOywIp8M/?igsh=MXZ5bHY0a3VpZ2kxOA>



#### «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы

Құқықтық сауаттылық – заман талабы. Құқықтық тәрбие мен құқықтық жігерлі сана алдымен отбасынан басталады. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шындауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Аталған қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіру қажет.

<https://www.instagram.com/p/C3h4tIDIsiu/?igsh=MTVtNXF6NW13eHBodQ>



#### Интернет қауіпсіздігі оқушыларға кеңес

Интернет қауіпсіздігінің ең көп тараған қауіп-қатерлері «Ғаламтордағы алаяқтық» түрлері туарлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Интернет желілеріндегі алаяқтықтың бір ерекшелігі — қылмыскерлер тек Қазақстан Республикасында ғана емес, оның аумағынан тыс жерлерде де болуы мүмкін, яғни қылмыстың бұл түрі халықаралық сипатта болады. Аталған қылмыстарды ашу алаяқтар ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, желілерде тіркелу кезінде және ақша

қаражаттарын алу барысында да өз деректерін жасырып жасайтындығына байланысты ерекше қиындық туғызады. <https://www.instagram.com/p/C37W-YHlrFQ/?igsh=eDZudnlicnVuYngz>





#### V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

Ата-аналар жиналыстарына қатысу; Ата-аналар жиналыстарына тоқсан сайын толықтай қатысамын. Оқу жылының басында ата-аналардың ортақ шешімімен ата-аналар комитетінің мүшелері сайланды. Сынып жетекшілермен ата-аналар арасында білім алушылардың сабақ үлгерімі, тәртібі жөнінде айтылды. Ата-аналар ұйымшыл, ауыз біршілігі мол. Мектеп бойынша білім алушылардың әлеуметтік жағдай өте жақсы сабақ үлгерімі орташа, тәртібін жақсы деп толық айта аламын. <https://www.instagram.com/reel/C0dsJZkAYcj/?igsh=MXBoNjcxN3F4ZzVzZQ==>



«Тәрбие отбасынан басталады» дөңгелек үстел ата-аналармен Бала бойындағы жағымсыз мінез-құлықтар үнемі есепке алынса; ата-ана мен мұғалім бірлікте болып, баланың жақсы, жағымды істерін ылғи марапаттау қажет. Қоршаған ортадағы теріс әрекеттерден үнемі сақтандырып отырса, мұғалім мен ата-ана әрқашан сергектік, шыдамдылық танытып, жан-жылуын беріп, шеберлік көрсете білсе, онда балаларымыз өзіміз болмай, қиындықтан қашпай, міндетті мен парызын орындайтын ұрпақ болары анық. Ата-аналар кодексінде: - Ата-ана ерекше жағдайда ғана емес, тәрбиемен ұдайы айналысуға міндетті. Баланы тәрбиелеу үшін ата-ана өзіміз тәрбиелі болуымыз керек. Тәрбие беру-ақыл айту емес. Баланы жақсы көргендінізді мейірімді, жылы сөзбен жеткізіп отырыңыз. Мектептегі жағдайды жақсарту мақсатында ұсыныстар айтуға құқыңыз бар.

Ұлы ұстаз Макаренконың: "Баламен шындап сөйлесу үшін орын мен уақытты таңдай біліңіз. Кіре берістегі, жол-жөнекей айтылған сөз бала көңілінде керекті із қалдырмайды деген»



Диагностикалау-талдау қызметі бойынша ата-аналарға арналған сауалнама тест түрінде жүргізілді. Сауалнама тақырыбы: «Сіздің тәрбиелеу стиліңіз». Сауалнаманың мақсаты: Ата-ананың бала тәрбиесіне қатысты стилі, жасөспірімшақтағы балаларымен өзара қарым-қатынасы, бір-бірін түсінесе алуын анықтау.

**Қорытынды бойынша:**

Зерттеу нәтижесі бойынша сауалнамаға 10 ата – ана қатысты.

Ата-ана бала тәрбиелу стилі бойынша өте жақсы түсінесе алады 5 ата-ана – 50%

Ата-ана бала тәрбиелеу стилі бойынша орташа деңгейде түсінесе алады- 5 ата-ана - 50%


**Ұсыныс:** ата – ананың бала тәрбиесіне қажетті білімді жетілдіру, жандандыру. Ата – аналардың жас ерекшелігіне сай бала тәрбиелеуде жауапкершілігін арттыру. Мектеп және отбасы мен балалардың қарым – қатынасын нығайтуға үлес қосу.



Оқушылардың отбасындағы, мектептегі қарым-қатынасы, болашақ арман-мақсаттарын анықтау барысында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың тақырыбы: «Оқушының өз ойым, өз орным». Сауалнама тақырыбында 5-9 сынып оқушылар арасында сауалнама алынды. Оқушылардың отбасындағы қарым-қатынасын, мектептегі жағдайын, өз ойын арман-мақсаттарын ашық айта алуын анықтау мақсатында өткізілді.

**Зерттеу қорытындысы** 5-9 сынып оқушылары сауалнама барысында отбасымен қарым-қатынасы мектептегі көңіл күйі өте жақсы екенін, арман-мақсатары асқақ өз ойын, өз пікірін ашық жеткізе алатын, оқушылар өздерін еркін, жайлы отбасында тәрбиеленіп жатқаны анықталды.

**Ұсыныс:** Отбасылық қарым-қатынасты арттыру мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарын байланыстыратын, әңгіме, түсіндіру жұмыстары, іс-шаралар жасағастырылсын.



### Қауіпсіз жаз ата-анаға кеңес

Жазда балалар көшеде, саяжайда ата-аналарымен көбірек уақыт өткізеді, орманға және су айдындарына демалуға барады, бұл дене белсенділігінің артуына және баланың физикалық мүмкіндіктерінің артуына ықпал етеді, бұл жоғары қызығушылықпен және тәуелсіздікке ұмтылумен үйлеседі., жиі қауіпті жағдайлардың туындауына әкеледі. Балалардың жаракаттануының алдын алу – қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Ересектер балалардың өмірі мен денсаулығына жауап береді, ең алдымен ата-аналар жазда балалардың өмір сүруіне қауіпсіз жағдай жасауы, олардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және қауіпті жағдайлардың салдарын болжай білуін қалыптастыруы керек.

Ата-аналар есте сақтауы керек ең бастысы - ешбір жағдайда баланы қараусыз қалдырмау. Қауіпсіздікке үнемі қамқорлық жасалса, сіз өзіңізді және балаларыңызды отбасында туындауы мүмкін көптеген мәселелерден қорғай аласыз.



Әлеуметтік педагог: Сағди Сарсеібаева А. Ж